

«Саяжан» бөбекжай -балабақшасы МКҚК

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі:
----- **Н.Ақбердиева**



**2020-2021 оқу жылына арналған
Балабақша педагог-психологтың
жылдық жоспары**

2020-2021 оқу жылы

Психолог қызметінің негізгі бағыттары.

Балалардың психофизиологиялық денсаулығын, жеке тұлғаның дамуын есепке алып, әр баланың психологиялық және эмоционалдық саулығына оңтайлы жағдай жасау. Тәрбиеленушілердің жан саулығын сақтауына және олардың кәсібі жетістікке жетуіне мүмкіндік жасау. Педагогтардың шығармашылық потенциалын және оны дамытуға көмек беру негізінде жүйелі түрде шығармашылықпен ойлауын дамыту. Педагогтардың және ата-аналардың қарым-қатынасын жақсарту, психологиялық педагогикалық біліктілік дағдысын қалыптастыру.

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Қыркүйек	1-апта	1-Қыркүйек «Білім күні»	Балалардың білім туралы түсініктерін молайту.
	2-апта	«Ойлайық та ойнайық»	Баланың майда нәзік қимыл әрекеттерінің қалыптасқандығын және үйлесімділігін анықтау әр түрлі ойын, жаттығулар арқылы таным процесін жетілдіру.
	3-апта	«Шырпыны үстелден көтер»	Баланың әдемі жазып, қылқаламды дұрыс ұстауы үшін қолдың саусақтарын ептілікке үйрету.
	4-апта	«Ес» Көріп есте сақтау. Естіп есте сақтау.	Естің жедел дамитын кезеңі мектепке дейінгі кезеңі жас, сондықтан балаларға ес туралы түсінік беру. Балалардың есте сақтау қабілетін анықтау және де көптеген ақпараттарды ықтиярлы түрде есте сақтай алуға үйрету.

Тексерілді:  С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Қазан	1-апта	«Достық жылы күлуден басталады»	Балалардың ұйымшылдыққа тәрбиелеу, жақсы көңіл-күй сыйлау, жылы қарым-қатынас түзу.
	2-апта	«Менің жанұям» тақырыбында сурет салу.	Жанұяның өзара ішкі қатынасы. Ата-аналармен қарым-қатынасын байқау.
	3-апта	«Моншақ тізейік»	Заттын түсін, көлемін, пішінін анықтауға үйрету.
	4-апта	Бас қала «Нұрсұлтан»	Баланың қиалдай білуін дамыту. Ойдан әр-түрлі оқиғаларды тудыра білуге үйретіп, тәрбиелеу.

Тексерілді:  С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Қараша	1-апта	«Лото»	Бейнені талдауға оларды бір-біріне сәйкестендіруге, бірдей бейнелерді таба білуге үйрету.Салыстыру,жалпылау,қорытындылау іскерлігін дамыту.Жеміс-жидектер мен көкөністердің аталуы жайлы білімдерін бекіту.
	2-апта	«Айна»	Зейінді тұрақтандыруға арналған жаттығулар.
	3-апта	«Қай адам сендерге ұнамдырақ»	Әртүрлі эмоциядағы балалардың суреттерін көрсету.
	4-апта	«Балықтар» саусақ ойындары.	Балалардың қолдарының бұлшық еттерін катаяту.Балықтар жайлы мағлұмат беру.

Тексерілді: Мәфф С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Желтоқсан	1-апта	«Сиқырлы гүл»	Өз ойын жеткізе білуге және топтағы өзге балаларға өзін таныстыруға баулу.
	2-апта	«Түсі бойынша жина»	Түстерді ажырата білуге, оларды тандап алу,бөлшектерден тұтасты құрастыру іскерліктерін дамыту.
	3-апта	«Шырпыны үстелден көтер»	Балалардың әдемі жазып, қылқаламды дұрыс ұстауы үшін қолдың саусақтарын ептілікке үйрету.
	4-апта	«Қош келдің жаңа жыл»	Балаларға аяз ата мен ақшақардың келетінін айтып,қызықтыра отыру.

Тексерілді: Мәфф С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың түрлері	Жұмыстың мақсаты
Қаңтар	1-апта	«Көңілді қыс»	Балаларға әр мезгілдің өзіндік ерекшелігін тамашалап бағалай білуге үйрету. Сурет бойынша қыс мезгіліне байланысты әңгіме құрастыру. Сол әңгімені қағаз бетіне түсіру арқылы көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту.
	2-апта	«Өзін-өзі бағалау»	Балалардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау. (Психологиялық ойын, жаттығулар және тренингтер жүргізу.)
	3-апта	«Шапалақ»	Көңіл-күйді оң арнаға келтіру. Баланың көңіл күйін анықтап, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
	4-апта	«Менің көңіл күйім»	Көңіл-күйді оң арнаға келтіру. Баланың көтеріңкі көңіл-күйі, қуана білу туралы түсінік беру. Баланың көңіл күйін анықтап, психологиялық мотивтерді туындатып, жағымды мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

Тексерілді: *М.С.Ж.* С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Ақпан	1-апта	«Аққала»	Бірлесе жұмыс істеу барысында балаларды еркін қарым-қатынаста болуға үйрету. Аққала жапсыру. «Тәңір жарылқасын» (Пожалуйста) сиқырлы сөзін қолдануға үйрету. Көлемдері бірдей екі аққала құрастыру.
	2-апта	«Ұлттық киімдерді ата»	Балалардың ұлттық киімдері жайлы мағлұматтарын кеңейту.
	3-апта	«Өтірік айтпау»	Балаларға өтірік айтпау туралы түсінік беру. Осы қасиетті күнделікті өмірде қолдануды үйрету. Баланың таным үрдісін жетілдіру.
	4-апта	«Мен жеңімпазбын»	Баланың зейінін тұрақтылығын, зейіннің бір объектіге қаншалықты шоғырланатынын анықтау. Бала зейінін тұрақты деңгейде ұстауға тәрбиелеу.

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Наурыз	1-апта	«Гүл ұсыну»	Балаларды бір-бірімен жылы қарым-қатынастыққа тәрбиелеу.
	2-апта	«Анаңа қандай сый тартқың келеді»	Анаңа деген сезімдеріңе баға беру, аналарын жақсы көруге, құрметтеуге тәрбиелеу.
	3-апта	«Қош келдің наурыз»	Ұлттық сананы оятып, ұлттық психологияның қалыптасуын қадағалау.
	4-апта	«Бүгін ауа райы қандай»	Сөздік қорын дамыту жылы қарым-қатынас түзу. Қоршаған орта туралы қарапайым түсініктерін дамыту.

Тексерілді:  С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Сәуір	1-апта	«Ойлау»	Ойлау процесінің дамытуға арналған ойындар жүргізу.
	2-апта	«Бәріміз доспыз»	Балалардың ойлау қабілетін жетілдіру. Баланы достыққа, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Баланың бір-біріне қарым-қатынасын жақсарту.
	3-апта	«Аңдардың үйі»	Балалардың заттар көлемін, мөлшерін, пішінін ажырата алу қабілетін анықтау. Балалардың зейінін жетілдіру.
	4-апта	«Жақсы мен жаман»	Бала бойындағы сезімдерді анықтау, дамыту жолдарын қалыптастыру. Балаларды әдептілікке, жақсылыққа тәрбиелеу. Бала бойындағы жақсы қасиеттерді жетілдіру.

Тексерілді:  С. Жадигерова

Ай	Апта күндері	Жұмыстың тақырыбы	Жұмыстың мақсаты
Мамыр	1-апта	«Жыл мезгілдері»	Түстерге қарап жыл мезгілдерін есіңе сақта.
	2-апта	«Кім жылдам»	Баланың ойлау қабілетін анықтап,оны іс жүзінде дамыту.Балалардың ойлау деңгейін жетілдіру.
	3-апта	«Балабақша сүйіспеншілік ордасы»	Балабақша жайындағы түсініктерін кеңейту,балабақшаға деген құрмет пен махаббат сезімдеріне тәрбиелеу.Достық қарым-қатынас деңгейлерін дамыту.
	4-апта	«Көңілді сөз»	Балалар шеңбер бойымен отырады.Бір-біріне балалар көңілді сөз айтады.

Тексерілді: М.С.Ж. С. Жадигерова

Күнтізбелік жоспар

Апта күі	Орындалу уақыты	Жұмыс мазмұны
Күнделікті	9.00-9.30	Тәрбиешілермен бірге балаларды қабылдау.
Дүйсенбі аптсына I-рет «Балдәурен» Сейсенбі «Балауса» Сәрсенбі «Арай»	10.30-11.00	Топтағы балалармен тұзету – дамыту жұмысын жүргізу.
Дүйсенбі	14.00-15.00	Педагогтарға кеңес беру
Бейсенбі	16.00-16.30	Инклюзивті тобы балаларымен сабақ жүргізу.
Жұма	10.30-11.00	Жеке жұмыс инклюзив балаларымен
Күнделікті		Педагог қызметкерлерге жеке жұмыс жасау. Кіші қызметкерлерге жеке жұмыс жасау.
Сейсенбі	9.00-9.30	Тәрбиешілермен бірге балаларды қабылдау.
Жұма	11.00-11.30	Балалармен жеке жұмыс жүгізу.
Сәрсенбі	15.00-17.00	Тәрбиешілермен тәжірибе алмасу.
Күнделікті	12.00-14.00	Ерте жас топ балаларының ұйқы процесін қадағалау.
	14.00-15.00	Топ балаларының ұйқы процесін қадағалау.

p/c	Атқарылатын іс-шаралар	Қолданылатын әдістемелер	Өткізілетін мерзімі
1	Балалабқшаға келген балалармен танысу.	Әңгіме	Жыл бой
2	Мектеп алды топ балаларымен ересек топ балаларының есте сақтау қабілетін анықтау.	Диогностика	Қыркүйек
3	Баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу.Түстер сипаттамасымен танысу.	Түр таңдау	Қазан
4	Ойын «Жалпылап айт»	Ойын	Қараша
5	«Мен» бейнесі өзін-өзі қабылдауын және өзін-өзі түсінуін дамыту.	Сурет салу	Желтоқсан
6	Тәрбиешілермен жұмыс.Жүйке тозуын анықтау.	Тест	Қараша

Педаагогтармен жұмыс

Педагогикалық кеңестерде сөз сөйлеу.

1	Кеңес беру ағарту жұмыстары	Жыл бойы
2	Баланы мектепке дайындау кезіндегі жанұямен балабақшаның бірлескен жұмысы	Жыл бойы
3	Педагогтар мен кіші қызметкерлердің жүйке тозуын анықтау.	Жыл бойы
4	Педагогтар арасында сауалнама жүргізу	Әр үш айда
5	Дау-дамай реттеудің әдістері	

Ата-анамен жұмыс.

1	Ата-аналар жиналысында сөз сөйлеу	Қажеттілігіне қарай
2	Ата-аналардан баланы ақылды етіп тәрбиелеу тәсілі, сауалнама, зерттеу	Сәуір
3	Қарым-қатынаста қиындықтары бар балалар үшін жұмыс.	Наурыз,Сәуір

Әкімшілікпен жұмыс

1	Әкімшіліктің сұранысы бойынша туындаған проблемаларды шешуге қатысу.	Жыл бойы
2	Педагогикалық кеңестерге жұмысшыларды дайындау және оған қатысу.	Қажеттілігіне қарай
3	Диогностика нәтижелері мен таныстыру және оны талқылау	